

Табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларының (жобаларының) жобаларын қалыптастыру және бағалау, сондай-ақ оларды іске асыру тиімділігінің көрсеткіштерін мониторингілеу және бағалау әдістемесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 28 ақпандағы № 96 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 27 наурызда № 14928 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 42 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 1-тармағының 4-7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларының (жобаларының) жобаларын қалыптастыру және бағалау, сондай-ақ оларды іске асыру тиімділігінің көрсеткіштеріне мониторинг және бағалау әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі баспа және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық

экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

Т. Сүлейменов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары-
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
_____ А.Мырзахметов

2017 жылғы 28 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрі

_____ Ж. Қасымбек

2017 жылғы 28 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі

_____ Қ. Бозымбаев

2017 жылғы 28 ақпан

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2017 жылғы 28 ақпандағы
№ 96 бұйрығымен
бекітілген

**Табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық
бағдарламаларының (жобаларының) жобаларын қалыптастыру және
бағалау, сондай-ақ оларды іске асыру тиімділігінің көрсеткіштерін
мониторингілеу және бағалау әдістемесі**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларының (жобаларының) жобаларын қалыптастыру және бағалау, сондай-ақ оларды іске асыру тиімділігінің көрсеткіштерін мониторингілеу және бағалау әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) "Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 1-тармағының 4-7) тармақшасына сәйкес әзірленген және Табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларының (жобаларының) жобаларын қалыптастыруды және бағалауды, сондай-ақ оларды іске асыру тиімділігінің көрсеткіштерін мониторингілеуді және бағалауды айқындайды.

2. Әдістемеді мынадай түсініктер қолданылады:

1) инвестициялық бағдарлама жобасын (жоба) бағалау - уәкілетті орган ведомствосының, мемлекеттік басқарудың тиісті саласында (аясында) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның (бұдан әрі – мемлекеттік орган) және жергілікті атқарушы органның табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасы жобасы тиімділігін белгілеуі;

2) инвестициялық бағдарлама жобасының тиімділігі – негізгі мақсаттарды сипаттайтын нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу, оларға қолжеткізу үшін реттеліп көрсетілетін қызметтерді өндіруге тікелей жататын активтерге инвестициялық шығындардың кемінде 95% бағытталған;

3) инвестициялық бағдарлама (жоба) жобасын бағалау нәтижелері бойынша қорытынды - уәкілетті орган ведомствосының, жергілікті атқарушы органның және мемлекеттік органның табиғи монополия субъектісінің (бұдан әрі - Субъект) инвестициялық бағдарламасы жобасының (жобасының) тиімділігі мәніне қорытындысы;

4) инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру тиімділігінің көрсеткіштері - инвестициялық бағдарламаның негізгі мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған іс-шаралардың нысаналы көрсеткіштері;

5) нысаналы көрсеткіштер – мақсаттарды сипаттайтын өлшенетін сандық көрсеткіштер мәні, оларға қолжеткізуге Субъектінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын) іске асыру бағытталған;

6) Субъектінің инвестициялық бағдарламасы (жобасы) тиімділігі көрсеткіштерін мониторингілеу - Субъектінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын) іске асыру тиімділігінің көрсеткіштері туралы ақпаратты тұрақты және жүйелі жинау және талдау;

7) Субъектінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын) іске асыру тиімділігінің көрсеткіштерін бағалау - уәкілетті орган ведомствосының, жергілікті атқарушы органның мемлекеттік органмен нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу дәрежесін белгілеуі;

8) табиғи монополия субъектісі - табиғи монополия жағдайларында тұтынушыларға тауарларды өндірумен, жұмыстарды орындаумен және (немесе) көрсетілетін қызметтерді ұсынумен айналысатын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;

9) уәкілетті орган ведомствосы - табиғи монополия саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган ведомствосы.

Әдістемеді пайдаланылатын өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2-тарау. Субъектілердің инвестициялық бағдарламалар жобаларын (жобалар) қалыптастыру

3. Инвестициялық бағдарламалар (жобалар) жобаларын қалыптастыруды Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 194 бұйрығымен бекітілген Табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламаларын (жобаларын) бекіту, оларды түзету, сондай-ақ олардың орындалуы туралы ақпаратқа талдау жүргізу қағидаларының (бұдан әрі - Қағида) талаптарына сәйкес Әдістеменің ерекшеліктерін ескере отырып, Субъект жүзеге асырады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10459 тіркелген).

4. Субъекті инвестициялық бағдарламалар (жобалар) жобаларын қалыптастыру кезінде осы Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес инвестициялық бағдарлама (жоба) іс-шараларының нысаналы көрсеткіштері бойынша әрбір іс-шараны бағалайды.

3-тарау. Субъектілердің инвестициялық бағдарламалар (жобалар) жобаларын бағалау

5. Бағалау мынадай:

1) Әдістеменің 6-тармағына сәйкес инвестициялық бағдарлама тиімділігінің әрбір нысаналы көрсеткіші үшін салмақтарды есептеу;

2) Әдістеменің 6-тармағына сәйкес табиғи монополия субъектісі анықтаған инвестициялық бағдарлама іс-шараларының басымдығын қарау кезеңдерінен тұрады.

6. Субъект инвестициялық бағдарлама жобасы іс-шарасының басымдығын нысаналы көрсеткіштер салмағының мөлшеріне қарай айқындайды. Ең басым іс-шаралар болып іске асырылуы салмағы бойынша ең үлкен нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуге бағытталған іс-шаралар танылады.

Барлық көрсеткіштер әрбір нысаналы көрсеткіш үшін мынадай формула бойынша айқындалады:

Салмақ_{көрсеткіш}

$$= \frac{\sum_{i=1}^I I_c - \text{шараның инвестициялық шығындары}_i}{\sum_{n=1}^N I_c - \text{инвестициялық бағдарламаның шығындары}_n} * 100\%$$

i

- нысаналы көрсеткішке қол жеткізуге бағытталған іс-шаралар сәйкестендіргіші;

K - i іс-шараға бағытталған нысаналы көрсеткіштер саны;

n - барлық нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуге бағытталған барлық іс-шаралар сәйкестендіргіші.

7. Уәкілетті орган ведомствосы, мемлекеттік орган, жергілікті атқарушы орган инвестициялық бағдарлама іс-шараларының басымдығын қарау нәтижелерін ескере отырып, инвестициялық бағдарлама жобасын түзетеді.

8. Уәкілетті орган ведомствосы, мемлекеттік орган, жергілікті атқарушы орган осы Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық бағдарламаны іске асыру тиімділігінің нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу ақпаратын көздейтін инвестициялық бағдарлама жобасын бағалау нәтижелері бойынша қорытынды шығарады.

9. Субъектінің инвестициялық бағдарламасы (жобасы) жобасының тиімділігін бағалауды уәкілетті орган ведомствосы, жергілікті атқарушы орган және мемлекеттік орган мына өлшемшарттарға сәйкес жүргізеді:

мемлекеттік орган бағалайтын көрсетілетін қызметтердің сапасын және (немесе) сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді (арттыруды) сипаттайтын іс-шараның нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу;

инвестициялық бағдарлама бекітілетін кезеңнің әрбір жылында инвестициялық шығындардың және (немесе) іс-шаралардың кемінде 95 % инвестициялық бағдарламаның (жобаның) нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағыттау, бұл уәкілетті органның ведомствосымен бағаланады.

4-тарау. Субъектілердің инвестициялық бағдарламаларын (жобаларын) іске асыру тиімділігінің көрсеткіштерін мониторингілеу және бағалау

10. Субъектінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын) іске асыру тиімділігін мониторингілеу Субъектінің инвестициялық бағдарламасының (жобасының) тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы ақпаратты талдауды көздейді.

11. Субъектінің инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру тиімділігінің көрсеткіштерін бағалауды уәкілетті орган ведомствосы, жергілікті атқарушы орган, мемлекеттік орган олардың есептік кезеңге уәкілетті орган қабылдаған нысаналы көрсеткіштерін осы Әдістемеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру тиімділігінің көрсеткіштерін есептеумен салыстыру арқылы жүргізеді:

1) инвестициялық бағдарлама көрсеткіштерінің нақты мәндерінің олардың уәкілетті орган қабылдаған нысаналы көрсеткіштерден абсолютті ауытқуын мынадай формула бойынша есептеу:

Абсолютті ауытқу = $K_n - K_k$,

мұндағы K_n - инвестициялық бағдарлама көрсеткішінің нақты мәні;

K_k - Субъектінің инвестициялық бағдарламасының (жобасының) уәкілетті орган қабылдаған нысаналы көрсеткіші.

Әдістеменің 11-тармағының 1) тармақшасына сәйкес есептелген уәкілетті орган ведомствосы қабылдаған инвестициялық бағдарламаның (жобаның) нысаналы көрсеткіштерінен Субъектінің қол жеткізген көрсеткіштері нақты мәндерінің абсолюттік және салыстырмалы ауытқуларды мынадай өлшемшарттарға сәйкес бағалау:

абсолюттік ауытқу, тиісінше:

егер инвестициялық бағдарламаны іске асыру нысаналы көрсеткішті көбейтуге бағытталған болса, нөлден кем;

егер инвестициялық бағдарламаны іске асыру нысаналы көрсеткішті азайтуға бағытталған болса, нөлден артық;

2) K_i инвестициялық бағдарлама нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу коэффициентін есептеу мына формула бойынша:

$K_i = 100\%$ - қол жеткізілмеген нысаналы көрсеткіштер салмағының сомасы

K_i - инвестициялық бағдарламаның нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу коэффициенті.

Инвестициялық бағдарламаны іске асыру тиімділігін бағалау мынадай өлшемшарттарға сәйкес жүзеге асырылады:

Егер қол жеткізілмеген көрсеткіштер санының орташа алынған сомасы уәкілетті орган қабылдаған инвестициялық бағдарламаның нысаналы көрсеткіштерінің жалпы санынан он пайыздан астамына қол жеткізілмеген болса, Субъекті инвестициялық бағдарламаны іске асыру тиімділігінің төмен көрсеткіштеріне қол жеткізді деп танылады, яғни K_i инвестициялық бағдарламасының нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу коэффициенті 90 % аз.

Барлық қалған жағдайларда Субъекті инвестициялық бағдарламаны іске асыру тиімділігінің жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізді деп танылады.

субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларының (жобаларының) жобаларын қалыптастыру және бағалау, сондай-ақ оларды іске асыру тиімділігінің көрсеткіштерін мониторингілеу және бағалау әдістемесіне 1-қосымша

Инвестициялық бағдарлама (жоба) іс-шараларының нысаналы көрсеткіштері

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.12.2018 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сала: электр энергиясын беру

№ р/н	Нысаналы көрсеткіштің салмағы, %-да	Ақпараттың атауы	Жылдар бойынша ақпарат				
			Өлшем бірлігі	1 - жыл	1 - жыл	...	А жыл
1.		І с - ш а р а " _____ "	мың теңге				
		Іс-шараның сипаттамасы және өлшем көрсеткіші " _____ "	табиғи бірлік				
1.1		1-мақсат "Тұтынушыларға көрсетілетін қызметтердің сапасын қамтамасыз ету (арттыру)" көрсеткіштері	Инвестициялық іс-шарасының көрсеткіштері	бағдарлама нысаналы			
1.2		Трансформаторлық топтың қуаты	МВА				
1.3		Желіні пайдаланушылардың өтінімдерін (іске қосуға, техникалық шарттар беруге) белгіленген мерзімде қарау	уақыт бірлігі (күндер, сағаттар) / өтінім				
1.4		Уәкілетті орган қауқарлы деп таныған тұтынушылар шағымдарының саны	өтінім берілген жылдың алдындағы жылға қарай %				
		Өзге көрсеткіштер					
2.		2-мақсат "Тұтынушыларға көрсетілетін қызметтердің сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету (арттыру)" көрсеткіштері	Инвестициялық іс-шарасының көрсеткіштері	бағдарлама нысаналы			
2.1		Негізгі өндірістік құралдардың тозуы	%				
2.2		Авариялық (өтінімді берген жылдың алдындағы жылға)	%				
		Көрсетілетін қызметтердің қосымша көлемі (электр энергиясын қосымша пайдалы босату), (табиғи					

2.3	бірліктерде немесе өтінім берілген жылдың алдындағы жылға %-да)	Миллион киловатт сағат (немесе %-да)					
2.4	Желінің (тораптың) құрылған (салынған және пайдалануға енгізілген) учаскелері	мың километр					
	Өзге көрсеткіштер						
3.	3-мақсат "Қызметтерді ұсыну шығындарын қысқарту" көрсеткіштері	Инвестициялық іс-шарасының көрсеткіштері	бағдарлама нысаналы				
3.1	Қызметті ұсыну бірлігіне (жеке мұқтаждықтарға) электр энергиясы шығындары	миллион киловатт сағат / жыл					
3.2	Техникалық ысыраптар	%					
	Өзге көрсеткіштер						
4.	Өзге мақсаттар						
5.	І с - ш а р а " _____ "	мың теңге					
	Іс-шараның сипаттамасы және өлшем көрсеткіші " _____ "	табиғи бірлік					
6.	Инвестициялық бағдарламаның нысаналы мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған барлық іс-шаралар бойынша жиынтық сома	мың теңге					

Ескертпе:

"Инвестициялық бағдарламаның нысаналы көрсеткіштері" бағанында әрбір мақсат үшін өтініш беруші инвестициялық бағдарламаны бекіту кезеңіне өлшеудің сандық бірліктерінде нысаналы көрсеткіштер мәндерінің динамикасын көрсетеді.

Өтініш беруші қол жеткізуге инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын іске асыру бағытталған көрсеткіштер үшін ғана нысаналы мәндерді көрсетеді. Инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын іске асыру бағытталмаған көрсеткіштер үшін нысаналы көрсеткіштер көрсетілмейді.

"Өзге мақсаттар" жолында субъекті өтініш беруші сандық бірліктерде көрсеткіштерді келтіре алмайтын сапалық мақсаттардың сипаттамасын көрсетуі мүмкін.

"1-жыл" бағанында инвестициялық бағдарлама жобасын (жобаны) бекітуге өтінім берілген жылдың алдындағы жылғы, "1-жыл" – "А жыл" – тиісінше инвестициялық бағдарлама жобасы (жоба) бекітілетін кезеңнің бірінші және соңғы жылдарындағы деректер көрсетіледі.

"Тұтынушыларға көрсететін қызметтер сапасын қамтамасыз ету (арттыру)" және "Тұтынушыларға көрсететін қызметтердің сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету (арттыру)" мақсаттарының көрсеткіштері, егер инвестициялық жобаларды іске асыру электр энергиясын беру және бөлу қызметтерінің сапасын, сенімділігін және қауіпсіздігін осы қызметтердің сапасына қойылатын

талаптарды белгілейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, соның ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 11 ақпандағы № 72 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 27 наурызда № 10547 тіркелген) Электрмен жабдықтаудың сенімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсету қағидаларына және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы № 58 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 27 наурызда № 10552 болып тіркелген) Қазақстанның бірыңғай электр энергетикасы жүйесінде авариялық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі қағидаларға сәйкес келтіруге бағытталған болса толтырылады.

Инвестициялық бағдарлама (жоба) іс-шараларының нысаналы көрсеткіштері

Сала: жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау

№ р/н	Нысаналы көрсеткіштің салмағы, %-да	Ақпараттың атауы	Жылдар бойынша ақпарат			
			Өлшем бірлігі	1 - жыл	1 - жыл	А жыл
1.		І с - ш а р а " _____ "	мың теңге			
		Іс-шараның сипаттамасы және өлшем көрсеткіші " _____ "	табиғи бірлік			
1.1		1-мақсат "Тұтынушыларға көрсетілетін қызметтердің сапасын қамтамасыз ету (арттыру)" көрсеткіштері	Инвестициялық іс-шарасының көрсеткіштері	бағдарлама нысаналы		
1.2		Қазандықтың жылу қуаты	Гкал/сағат (немесе МВт/сағат)			
1.3		Тұтынушының өтінімін (іске қосуға, техникалық шарттар беруге) өндеудің ұзақтығы	Уақыт бірлігі (күндер, сағаттар) / өтінім			
1.4		Үйге ортақ есепке алу аспаптарын, оның ішінде істен шыққандарын орнатудың ұзақтығы	Уақыт бірлігі (күндер, сағаттар) / өтініш			
1.5		Уәкілетті орган қауқарлы деп таныған тұтынушылар шағымдарының саны	өтінім берілген жылдың алдындағы жылға қарай %			
1.6		Орнатылған үйге ортақ есепке алу аспаптарының саны	өтінім берілген жылдың алдындағы жылға қарай %			
		Өзге көрсеткіштер				

2.	2-мақсат "Тұтынушыларға көрсетілетін қызметтердің сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету (арттыру)" көрсеткіштері	Инвестициялық іс-шарасының көрсеткіштері	бағдарлама нысаналы				
2.1	Өндірістік негізгі құралдардың тозуы	%					
2.2	Авариялық (өтінімді берген жылдың алдындағы жылға)	%					
2.3	Аварияларды жоюдың ұзақтығы (өтінімді берген жылдың алдындағы жылға)	%					
2.4	Сұраныс (жылу энергиясын қосымша пайдалы босату), (табиғи бірліктерде немесе өтінім берілген жылдың алдындағы жылға %-да)	миллион киловатт сағат (немесе Гкал, %-да)					
2.5	Іске қосу нүктелерінің саны	дана					
2.6	Резервтік қуат	миллион киловатт сағат (немесе Гкал, %-да)					
2.7	Желінің (тораптын) құрылған (салынған және пайдалануға енгізілген) учаскелері	мың километр					
	Өзге көрсеткіштер						
3.	3-мақсат "Қызметтерді ұсыну шығындарын қысқарту" көрсеткіштері	Инвестициялық іс-шарасының көрсеткіштері	бағдарлама нысаналы				
3.1	Көрсетілетін қызметтің бірлігіне отын шығындары	теңге/Гкал					
3.2	Қызметті ұсыну бірлігіне (жеке мұқтаждықтарға) электр энергиясы шығындары	теңге/Гкал					
3.3	Қызметті ұсыну бірлігіне еңбекке ақы төлеу шығындары	теңге/Гкал					
3.4	Техникалық ысыраптар	%					
	Өзге көрсеткіштер						
4.	Өзге мақсаттар						
5.	І с - ш а р а " _____ "	мың теңге					
	Іс-шараның сипаттамасы және өлшем көрсеткіші " _____ "	табиғи бірлік					
6.	Инвестициялық бағдарламаның нысаналы мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған барлық іс-шаралар бойынша жиынтық сома	мың теңге					

Ескертпе:

"Инвестициялық бағдарламаның нысаналы көрсеткіштері" бағанында әрбір мақсат үшін өтініш беруші инвестициялық бағдарламаны бекіту кезеңіне өлшеудің сандық бірліктерінде нысаналы көрсеткіштер мәндерінің динамикасын көрсетеді.

Өтініш беруші қол жеткізуге инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын іске асыру бағытталған көрсеткіштер үшін ғана нысаналы мәндерді көрсетеді. Инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын іске асыру бағытталмаған көрсеткіштер үшін нысаналы көрсеткіштер көрсетілмейді.

"Өзге мақсаттар" жолында субъекті өтініш беруші сандық бірліктерде көрсеткіштерді келтіре алмайтын сапалық мақсаттардың сипаттамасын көрсетуі мүмкін.

"1-жыл" бағанында инвестициялық бағдарлама жобасын (жобаны) бекітуге өтінім берілген жылдың алдындағы жылғы, "1-жыл" – "А жыл" – тиісінше инвестициялық бағдарлама жобасы (жоба) бекітілетін кезеңнің бірінші және соңғы жылдарындағы деректер көрсетіледі.

"Тұтынушыларға көрсететін қызметтер сапасын қамтамасыз ету (арттыру)" және "Тұтынушыларға көрсететін қызметтердің сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету (арттыру)" мақсаттарының көрсеткіштері, егер инвестициялық жобаларды іске асыру жылу энергиясын беру және бөлу қызметтерінің сапасын, сенімділігін және қауіпсіздігін осы қызметтердің сапасына қойылатын талаптарды белгілейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, соның ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 211 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 12 ақпанда № 10234 болып тіркелген) Жылу энергиясын пайдалану қағидаларына сәйкес келтіруге бағытталған жағдайда толтырылады.

Субъект өтінімді алған сәттен бастап аспапты тікелей қосқанға немесе орнатқанға дейінгі уақыт ұзақтығы деп түсінілетін, өтінімді өңдеу немесе есептеу аспаптарын орнату ұзақтығы бір жылдағы орташа арифметикалық сияқты есептеледі.

Инвестициялық бағдарлама (жоба) іс-шараларының нысаналы көрсеткіштері

Сала: сумен жабдықтау және (немесе) су бұру

№ р/н	Нысаналы көрсеткіштің салмағы, % - да	Ақпараттың атауы	Ақпарат			
			Өлшем бірлігі	1 - жыл	1 - жыл	А жыл
1.		І с - ш а р а " _____ "	мың теңге			
		Іс-шараның сипаттамасы және өлшем көрсеткіші " _____ "	табиғи бірлік			

1.1	1-мақсат "Тұтынушыларға көрсетілетін қызметтердің сапасын қамтамасыз ету (арттыру)" көрсеткіштері	Инвестициялық бағдарлама іс-шарасының нысаналы көрсеткіштері			
1.2	Тұтынушының өтінімін өңдеудің ұзақтығы (іске қосуға, техникалық шарттар беруге)	Уақыт бірлігі (күндер, сағаттар)/өтінім			
1.3	Есепке алу аспаптарын, оның ішінде істен шыққандарын орнатудың ұзақтығы	Уақыт бірлігі (күндер, сағаттар)/өтініш			
1.4	Уәкілетті орган қауқарлы деп таныған және уәкілетті орган субъектіге шағым себептерін жою туралы нұсқама берген тұтынушылар шағымдарының саны	өтінім берілген жылдың алдындағы жылға қарай %			
1.5	Есептеу аспаптарымен жаракталу	өтінім берілген жылдың алдындағы жылға қарай %			
1.6	Бірінші, екінші көтерілімдердің сорғы станциялары мен су тазарту жабдықтарының трансформаторлық тобының қуаты	миллион ватт сағат			
1.7	Орнатылған су сорғысының жиынтық қуаты	миллион ватт сағат			
1.8	Екінші көтерілімнің сорғы станциясы суын беру кезіндегі есептік қысым	м			
1.9	Екінші көтерілімнің сорғы станциясы суын беру кезіндегі нақты қысым	м			
	Өзге көрсеткіштер				
2.	2-мақсат "Тұтынушыларға көрсетілетін қызметтердің сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету (арттыру)" көрсеткіштері	Инвестициялық бағдарлама іс-шарасының нысаналы көрсеткіштері			
2.1	Негізгі өндірістік құралдардың тозуы	%			
2.2	Авариялық	дана/1 километр			
2.3	Аварияларды жоюдың ұзақтығы (өтінімді берген жылдың алдындағы жылға)	%			
2.4	Көрсетілетін қызметтер көлемінің өсімі	мың м3 (немесе өтінім берілген жылдың алдындағы жылға қарай %-да)			
2.5	Іске қосу нүктелерінің саны (сумен жабдықтау және (немесе) су бұрудың орталықтандырылған жүйесіне қосылған абоненттердің саны)	дана			
2.6	Желінің (тораптың) құрылған (салынған және пайдалануға енгізілген) учаскелері	мың километр			
2.7	Тұтынушыларды ажырату, көрсетілетін қызметтерді ұсынудағы үш және одан көп сағатқа үзіліс жағдайларының саны	дана			
	Өзге көрсеткіштер				

3.	3-мақсат "Қызметтерді ұсыну шығындарын қысқарту" көрсеткіштері	Инвестициялық бағдарлама іс-шарасының нысаналы көрсеткіштері			
3.1	Көрсетілетін қызметтің бірлігіне электр энергиясы шығындары	Киловатт сағат / жыл			
3.2	Ысыраптар	%			
	Өзге көрсеткіштер				
4.	Өзге мақсаттар				
5.	І с - ш а р а " _____ "	мың теңге			
	Іс-шараның сипаттамасы және өлшем көрсеткіші " _____ "	табиғи бірлік			
6.	Инвестициялық бағдарламаның нысаналы мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған барлық іс-шаралар бойынша жиынтық сома	мың теңге			

Ескертпе

"Инвестициялық бағдарламаның нысаналы көрсеткіштері" бағанында әрбір мақсат үшін өтініш беруші инвестициялық бағдарламаны бекіту кезеңіне өлшеудің сандық бірліктерінде нысаналы көрсеткіштер мәндерінің динамикасын көрсетеді.

Өтініш беруші қол жеткізуге инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын іске асыру бағытталған көрсеткіштер үшін ғана нысаналы мәндерді көрсетеді. Инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын іске асыру бағытталмаған көрсеткіштер үшін нысаналы көрсеткіштер көрсетілмейді.

"Өзге мақсаттар" жолында субъекті өтініш беруші сандық бірліктерде көрсеткіштерді келтіре алмайтын сапалық мақсаттардың сипаттамасын көрсетуі мүмкін.

"1-жыл" бағанында инвестициялық бағдарлама жобасын (жобаны) бекітуге өтінім берілген жылдың алдындағы жылғы, "1-жыл" – "А жыл" – тиісінше инвестициялық бағдарлама жобасы (жоба) бекітілетін кезеңнің бірінші және соңғы жылдарындағы деректер көрсетіледі.

1.5-көрсеткіш бойынша мыналар:

микробиологиялық және паразитологиялық көрсеткіштер;

химиялық заттардың жалпыланған көрсеткіштері;

органолептикалық көрсеткіштер жөнінде жеке ақпарат ұсынылады.

"Авариялық" бағанында 1 км құбыр жолына авариялар саны көрсетіледі.

2.2 және 2.7-көрсеткіштер бойынша жойылуы бір немесе бірнеше тұтынушы немесе тұтас елді мекен болуына қарамастан, тұтынушылардың ажыратылуымен байланысты авариялық жағдайлар есепке алынады. Сумен жабдықтауды ажыратусыз жойылатын судың ағуы есепке алынбайды.

3.2-көрсеткіш бойынша техникалық және коммерциялық су ысыраптары тікелей есепке алынады, бұл ретте өндірістік қажеттіліктерге су шығыстары есепке алынбайды (жеке қажеттіліктер – құрылысты және желілерді шаю, гидравликалық сынаулар, су бұру желілерін шаю, жасыл көшеттерді суару).

Субъект өтінімді алған сәтінен бастап құралды тікелей қосқанға немесе орнатқанға дейінгі уақыт ұзақтығы деп түсінілетін, өтінімді өңдеу немесе есептеу аспаптарын орнату ұзақтығы бір жылдағы орташа арифметикалық сияқты есептеледі.

Инвестициялық бағдарлама (жоба) іс-шараларының нысаналы көрсеткіштері

Сала: Магистральдық теміржол желісі қызметтері

№ р/н	Нысаналы көрсеткіштің салмағы, %-да	Ақпараттың атауы	Ақпарат			
			Өлшем бірлігі	1 - жыл	1 - жыл	А жыл
1.		І с - ш а р а " _____ "	мың теңге			
		Іс-шараның сипаттамасы және өлшем көрсеткіші " _____ "	табиғи бірлік			
1.1		1-мақсат "Тұтынушыларға көрсетілетін қызметтердің сапасын қамтамасыз ету (арттыру)" көрсеткіштері	Инвестициялық бағдарлама іс-шарасының нысаналы көрсеткіштері			
1.2		Магистральдық теміржол желісі учаскелерінің өткізу қабілетінің өсімі	тәулігіне екі поезд			
1.3		Поез қозғалысының орташа учаскелік жылдамдығы	километр-сағат			
1.4		Поезд қозғалысының орташа техникалық жылдамдығы	километр-сағат			
1.5		Магистральдық теміржол желісінің қосымша электрленген учаскелері ұзақтығының өсімі	мың километр			
1.6		Электрленген учаскелер үлесі	%			
		Өзге көрсеткіштер				
2.		2-мақсат "Тұтынушыларға көрсетілетін қызметтердің сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету (арттыру)" көрсеткіштері	Инвестициялық бағдарлама іс-шарасының нысаналы көрсеткіштері			
2.1		Негізгі өндірістік құралдардың тозуы	%			
2.2		Авариялық (немесе жолдарда штаттан тыс жағдайлардың туындау қаупі)	%			
2.3		Көрсетілетін қызметтер көлемінің өсімі	мың жолаушы - километр			
		Өзге көрсеткіштер				

3.	3-мақсат "Қызметтерді ұсыну шығындарын қысқарту" көрсеткіштері	Инвестициялық бағдарлама іс-шарасының нысаналы көрсеткіштері			
3.1	Көрсетілетін қызметтің бірлігіне электр энергиясы шығындары	мВт/жыл			
	Өзге көрсеткіштер				
4.	Өзге мақсаттар				
5.	І с - ш а р а " _____ "	мың теңге			
	Іс-шараның сипаттамасы және өлшем көрсеткіші " _____ "	табиғи бірлік			
6.	Инвестициялық бағдарламаның нысаналы мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған барлық іс-шаралар бойынша жиынтық сома	мың теңге			

Ескертпе:

"Инвестициялық бағдарламаның нысаналы көрсеткіштері" бағанында әрбір мақсат үшін өтініш беруші инвестициялық бағдарламаны бекіту кезеңіне өлшеудің сандық бірліктерінде нысаналы көрсеткіштер мәндерінің динамикасын көрсетеді.

Өтініш беруші қол жеткізуге инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын іске асыру бағытталған көрсеткіштер үшін ғана нысаналы мәндерді көрсетеді. Инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын іске асыру бағытталмаған көрсеткіштер үшін нысаналы көрсеткіштер көрсетілмейді.

"Өзге мақсаттар" жолында субъекті өтініш беруші сандық бірліктерде көрсеткіштерді келтіре алмайтын сапалық мақсаттардың сипаттамасын көрсетуі мүмкін.

"1-жыл" бағанында инвестициялық бағдарлама жобасын (жобаны) бекітуге өтінім берілген жылдың алдындағы жылғы, "1-жыл" – "А жыл" – тиісінше инвестициялық бағдарлама жобасы (жоба) бекітілетін кезеңнің бірінші және соңғы жылдарындағы деректер көрсетіледі. "Тұтынушыларға көрсететін қызметтер сапасын қамтамасыз ету (арттыру)" және "Тұтынушыларға көрсететін қызметтердің сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету (арттыру)" мақсаттарының көрсеткіштері, сондай-ақ егер инвестициялық жобаларды іске асыру, сондай-ақ магистральдық теміржол қызметтерінің сапасын, қауіпсіздігін және сенімділігін сәйкес келтіруге бағытталған жағдайда толтырылады.

1.1 -1.4.- жолында теміржол жолының бірнеше учаскесі болған жағдайда тиісті орташа арифметикалық мәндер көрсетіледі.

Инвестициялық бағдарлама (жоба) іс-шараларының нысаналы көрсеткіштері

Сала: Жалғастырғыш магистральдық газ құбыр жолдары және (немесе) газды тарату жүйелері арқылы тауарлық газды тасымалдау

№ р /н	Нысаналы көрсеткіштің салмағы, %-да	Ақпараттың атауы	Ақпарат			
			Өлшем бірлігі	1 - жыл	1 - жыл	А жыл
1.		І с - ш а р а " _____ "	мың теңге			
		Іс-шараның сипаттамасы және өлшем көрсеткіші " _____ "	табиғи бірлік			
1.1.		1-мақсат "Тұтынушыларға көрсетілетін қызметтердің сапасын қамтамасыз ету (арттыру)" көрсеткіштері	Инвестициялық іс-шарасының көрсеткіштері	бағдарлама нысаналы		
1.2.		Газ құбырларының жол берілетін өткізу қабілеті	жылына мың м3			
1.3.		Газ құбырларының / газ тарату жүйесінің ең жоғары қуаты	жылына мың м3			
1.4.		Тұтынушының өтінімін (техникалық шарттар беруге) өндеудің ұзақтығы	уақыт бірлігі (күндер, сағаттар) / өтінім			
1.5.		Газ құбырларындағы қысым (нормативтерге сәйкестік)	МПа			
1.6.		Газ тарату жүйелеріндегі қысым (нормативтерге сәйкестік)	МПа			
1.7.		Тұтынушының өтінімін (іске қосуға, техникалық шарттарды беруге) өндеудің ұзақтығы	уақыт бірлігі (күндер, сағаттар)/ өтінім			
1.8.		Уәкілетті орган қауқарлы деп таныған тұтынушылар шағымдарының саны	өтінім берілген жылдың алдындағы жылға қарай %			
1.9.		Орнатылған бақылау есептеу аспаптарының саны (өтінімді берген жылдың алдындағы жылға)	% (немесе дана)			
1.10.		Реттеліп көрсетілетін қызметтерге тұтынушылардан төлемдер жинау деңгейі	өтінім берілген жылдың алдындағы жылға қарай %			
		Өзге көрсеткіштер				
2.		2-мақсат "Тұтынушыларға көрсетілетін қызметтердің сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету (арттыру)" көрсеткіштері	Инвестициялық іс-шарасының көрсеткіштері	бағдарлама нысаналы		
2.1.		Негізгі өндірістік құралдардың тозуы	%			
2.2.		Авариялық (өтінімді берген жылдың алдындағы жылға)	%			
2.3.		Газ құбырларының / газ тарату жүйесінің бос қуаты	жылына мың м3			
2.4.		Аварияларды жою ұзақтығы (өтінімді берген жылдың алдындағы жылға)	%			

2.5.	Көрсетілетін қызметтер көлемінің өсімі (табиғи бірлікте немесе өтінім берілген жылдың алдындағы жылға %-да)	мың м3- километр (немесе %-да)			
2.6.	Газдандырудың бас сызбасына сәйкес салынған газқұбырларының ұзақтығы	мың километр			
2.7.	Газдандырудың бас сызбасына сәйкес салынған / сатып алынған газбен жабдықтау объектілері	дана			
2.8.	Қосу нүктелерінің саны	дана			
2.9.	Аварияға қарсы автоматика	құрылғы			
2.10.	Құрылған (салынған және пайдалануға енгізілген) газ құбырлары учаскелері	мың километр			
	Өзге көрсеткіштер				
3.	3-мақсат "Қызметтерді ұсыну шығындарын қысқарту" көрсеткіштері	Инвестициялық іс-шарасының көрсеткіштері	бағдарлама нысаналы		
3.1.	Көрсетілетін қызметтің бірлігіне электр энергиясы шығындары	м и л л и о н киловатт-сағат			
3.2.	Қызметтер бірлігіне жұмсалатын (жеке қажеттіліктерге) газ шығындары	мың м3			
3.3.	Қызметтер бірлігіне еңбекке ақы төлеуге жұмсалатын шығындар	мың теңге			
3.4.	Өндірістік персоналдың нақты саны	адам			
3.5.	Әкімшілік персоналдың нақты саны	адам			
3.6.	Техникалық ысыраптар	%			
	Өзге көрсеткіштер				
4.	Өзге мақсаттар				
5.	І с - ш а р а " _____ "	мың теңге			
	Іс-шараның сипаттамасы және өлшем көрсеткіші " _____ "	табиғи бірлік			
6.	Инвестициялық бағдарламаның нысаналы мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған барлық іс-шаралар бойынша жиынтық сома	мың теңге			

Ескертпе:

"Инвестициялық бағдарламаның нысаналы көрсеткіштері" бағанында әрбір мақсат үшін өтініш беруші инвестициялық бағдарламаны бекіту кезеңіне өлшеудің сандық бірліктерінде нысаналы көрсеткіштер мәндерінің динамикасын көрсетеді.

Өтініш беруші қол жеткізуге инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын іске асыру бағытталған көрсеткіштер үшін ғана нысаналы мәндерді көрсетеді. Инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын іске асыру бағытталмаған көрсеткіштер үшін нысаналы көрсеткіштер көрсетілмейді.

"Өзге мақсаттар" жолында субъекті өтініш беруші сандық бірліктерде көрсеткіштерді келтіре алмайтын сапалық мақсаттардың сипаттамасын көрсетуі мүмкін.

"1-жыл" бағанында инвестициялық бағдарлама жобасын (жобаны) бекітуге өтінім берілген жылдың алдындағы жылғы, "1-жыл" – "А жыл" – тиісінше инвестициялық бағдарлама жобасы (жоба) бекітілетін кезеңнің бірінші және соңғы жылдарындағы деректер көрсетіледі.

"Тұтынушыларға көрсететін қызметтер сапасын қамтамасыз ету (арттыру)" және "Тұтынушыларға көрсететін қызметтердің сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету (арттыру)" мақсаттарының көрсеткіштері, егер инвестициялық жобаларды іске асыру жалғастырғыш, магистральдық газ құбыры және (немесе) газды тарату жүйелері арқылы тауарлық газды тасымалдау қызметтерінің сапасын, сенімділігін және қауіпсіздігін Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 33 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10363 болып тіркелген) Магистральдық газ құбырларын пайдалану қағидаларында белгіленген талаптарға, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 9 қазандағы № 673 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15986 болып тіркелген) Газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздігі жөніндегі талаптарға сәйкес келтіруге бағытталған жағдайда толтырылады.

Субъект өтінімді алған сәттен бастап аспапты тікелей қосқанға немесе орнатқанға дейінгі уақыт ұзақтығы деп түсінілетін, өтінімді өңдеу немесе есептеу аспаптарын орнату ұзақтығы бір жылдағы орташа арифметикалық сияқты есептеледі.

Инвестициялық бағдарлама (жоба) іс-шараларының нысаналы көрсеткіштері

Сала: магистральдық құбыр жолдары арқылы мұнай және (немесе) мұнай өнімдерін тасымалдау

№ р/н	Нысаналы көрсеткіштің салмағы, %-да	Ақпараттың атауы	Ақпарат				
			Өлшем бірлігі	1 - жыл	1 - жыл	... А жыл	
1.		І с - ш а р а " _____ "	мың теңге				
		Іс-шараның сипаттамасы және өлшем көрсеткіші " _____ "	табиғи бірлік				

1.1	1-мақсат "Тұтынушыларға көрсетілетін қызметтердің сапасын қамтамасыз ету (арттыру)" көрсеткіштері	Инвестициялық бағдарлама іс-шарасының нысаналы көрсеткіштері					
1.2	Құбыр жолдарының жол берілетін өткізу қабілеті	жылына мың тонна-километр					
1.3	Құбыр жолдарының ең жоғары қуаты	жылына мың тонна-километр					
1.4	Тұтынушының өтінімін (техникалық шарттар беруге) өңдеудің ұзақтығы	уақыт бірлігі (күндер, сағаттар)/ өтінім					
1.5	Құбыр жолдарындағы қысым	МПа					
1.6	Тұтынушының өтінімін (іске қосуға, техникалық шарттарға) өңдеудің ұзақтығы	МПа					
1.7	Уәкілетті орган қауқарлы деп таныған тұтынушылар шағымдарының саны	уақыт бірлігі (күндер, сағаттар)/ өтінім					
1.8	Орнатылған бақылау есептеу аспаптарының саны (өтінімді берген жылдың алдындағы жылға)	дана (немесе в өтінім берілген жылдың алдындағы жылға қарай %)					
	Өзге көрсеткіштер	% (немесе дана)					
2.	2-мақсат "Тұтынушыларға көрсетілетін қызметтердің сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету (арттыру)" көрсеткіштері	Инвестициялық бағдарлама іс-шарасының нысаналы көрсеткіштері					
2.1	Негізгі өндірістік құралдардың тозуы	%					
2.2	Авариялық (өтінімді берген жылдың алдындағы жылға)	%					
2.3	Құбыр жолдарының бос қуаты	жылына мың тонна					
2.4	Аварияларды жою ұзақтығы (өтінімді берген жылдың алдындағы жылға)	%					
2.5	Көрсетілетін қызметтер көлемінің өсімі (табиғи бірлікте немесе өтінім берілген жылдың алдындағы жылға %-да)	мың тонна километр (немесе %-да)					
2.6	Салынған/құрылған құбыр жолдарының ұзақтығы	мың километр					
2.7	Іске қосу нүктелерінің саны	дана					
2.8	Аварияға қарсы автоматика	құрылғы					
2.9	Құрылған (салынған және пайдалануға енгізілген) құбыр жолдары учаскелері	мың километр					
	Өзге көрсеткіштер						
3.	3-мақсат "Қызметтерді ұсыну шығындарын қысқарту" көрсеткіштері	Инвестициялық бағдарлама іс-шарасының нысаналы көрсеткіштері					
3.1	Көрсетілетін қызметтің бірлігіне электр энергиясы шығындары	миллион киловатт-сағат /жыл					

3.2	Қызметтер бірлігіне жұмсалатын (жеке қажеттіліктерге) мұнай шығындары	мың м3					
3.3	Қызметтер бірлігіне еңбекке ақы төлеуге жұмсалатын шығындар	мың теңге					
3.4	Өндірістік персоналдың нақты саны	адам					
3.5	Әкімшілік персоналдың нақты саны	адам					
3.6	Техникалық ысыраптар	%					
	Өзге көрсеткіштер						
4.	Өзге мақсаттар						
5.	І с - ш а р а " _____ "	мың теңге					
	Іс-шараның сипаттамасы және өлшем көрсеткіші " _____ "	табиғи бірлік					
6.	Инвестициялық бағдарламаның нысаналы мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған барлық іс-шаралар бойынша ЖИЫНТЫҚ сома	мың теңге					

Ескертпе:

"Инвестициялық бағдарламаның нысаналы көрсеткіштері" бағанында әрбір мақсат үшін өтініш беруші инвестициялық бағдарламаны бекіту кезеңіне өлшеудің сандық бірліктерінде нысаналы көрсеткіштер мәндерінің динамикасын көрсетеді.

Өтініш беруші қол жеткізуге инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын іске асыру бағытталған көрсеткіштер үшін ғана нысаналы мәндерді көрсетеді. Инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын іске асыру бағытталмаған көрсеткіштер үшін нысаналы көрсеткіштер көрсетілмейді.

"Өзге мақсаттар" жолында субъекті өтініш беруші сандық бірліктерде көрсеткіштерді келтіре алмайтын сапалық мақсаттардың сипаттамасын көрсетуі мүмкін.

"1-жыл" бағанында инвестициялық бағдарлама жобасын (жобаны) бекітуге өтінім берілген жылдың алдындағы жылғы, "1-жыл" – "А жыл" – тиісінше инвестициялық бағдарлама жобасы (жоба) бекітілетін кезеңнің бірінші және соңғы жылдарындағы деректер көрсетіледі.

"Тұтынушыларға көрсететін қызметтер сапасын қамтамасыз ету (арттыру)" және "Тұтынушыларға көрсететін қызметтердің сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету (арттыру)" мақсаттарының көрсеткіштері, егер инвестициялық жобаларды іске асыру магистральдық құбыр жолдары арқылы мұнай және (немесе) мұнай өнімдерін тасымалдау қызметтерінің сапасын, сенімділігін және қауіпсіздігін осы көрсетілетін қызметтердің сапасына қойылатын талаптарды

белгілейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, оның ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 15 мамырдағы № 182, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 376 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 19 мамырдағы № 374 бірлескен бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17128 болып тіркелген) Теңізде, Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнай төгілуі салдарын жоюға арналған дайындықты және іс-қимылдарды қамтамасыз етудің ұлттық жоспарына, Қазақстан Республикасының азаматтық қорғаныс заңнамасына және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес келтіруге бағытталған жағдайда толтырылады.

Субъект өтінімді алған сәтінен бастап тікелей қосқанға дейінгі уақыт ұзақтығы деп түсінілетін, іске қосуға арналған өтінімді өңдеу (техникалық шарт беру) ұзақтығы бір жылдағы орташа арифметикалық сияқты есептеледі.

Табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларының (жобаларының) жобаларын қалыптастыру және бағалау, сондай-ақ оларды іске асыру тиімділігінің көрсеткіштерін мониторингілеу және бағалау әдістемесіне 2-қосымша

Инвестициялық бағдарламаны іске асыру тиімділігінің нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы ақпарат

Есептік жыл: _____ жыл.

№	Нысаналы көрсеткіштің салмағы, %-да	Деректердің атауы	Өлшем бірлігі	Есептік жылға қабылданған	Есептік жылдағы нақты
1.		І с - ш а р а " _____ "	мың теңге		
		Іс-шараның сипаттамасы және өлшем көрсеткіші " _____ "	табиғи бірлік		
z		Инвестициялық бағдарламаның z мақсатына арналған нысаналы көрсеткіштер (әрбір z мақсат үшін толтырылады, мұнда z z [1;2;3] - " _____ " (мақсаттың атауы)			
z .1.		z мақсатының 1-көрсеткіші " _____ " (көрсеткіштің атауы)	табиғи бірлік		

z.j			табиғи бірлік		
z.j		z мақсатының j көрсеткіші	табиғи бірлік		
2.		І с - ш а р а " _____ "	мың теңге		
		Іс-шараның сипаттамасы және өлшем көрсеткіші " _____ "	табиғи бірлік		
...					

Ескертпе:

Деректер Әдістеменің 1-қосымшасында көзделген мақсаттар мен іс-шаралар бөлінісінде инвестициялық бағдарламаның уәкілетті орган қабылдаған барлық нысаналы көрсеткіштері үшін толтырылады.

Ақпаратқа негіздеуші материалдар мен есеп қоса беріледі.

Табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларының (жобаларының) жобаларын қалыптастыру және бағалау, сондай-ақ оларды іске асыру тиімділігінің көрсеткіштерін мониторингілеу және бағалау әдістемесіне
3-қосымша

Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асырудың тиімділігі көрсеткіштерінің есебі

Есептік жыл: ____ жыл.

№	Нысаналы көрсеткіштің салмағы, %-да	Деректердің атауы	Өлшем бірлігі	Есептік жылға қабылданған нысаналы мән	Есептік жылдағы нақты мән	Іске асыру тиімділігінің мәні	Баға
						Абсолюттік ауытқу	
1.	-	І с - ш а р а " _____ "	мың теңге				
		Іс-шараның сипаттамасы және өлшем көрсеткіші " _____ "	табиғи бірлік				
z	-	Инвестициялық бағдарламаның z мақсатына арналған нысаналы көрсеткіштер (әрбір z мақсат үшін толтырылады, мұнда z Э [1;2;3] - " ____ " (мақсаттың атауы)					
z .1.		z мақсатының 1-көрсеткіші " ____ " (көрсеткіштің атауы)	табиғи бірлік				

z.j	Өзге көрсеткіштер	табиғи бірлік				
z.J	z мақсатының j көрсеткіші	табиғи бірлік				
2.	І с - ш а р а " _____ "	мың теңге				
	Іс-шараның сипаттамасы және өлшем көрсеткіші " _____ "	табиғи бірлік				
...						
	Жиыны					

Ескертпе:

Деректер Әдістеменің 1-қосымшасында көзделген мақсаттар бөлінісінде инвестициялық бағдарламаның барлық бекітілген нысаналы көрсеткіштері үшін толтырылады.

"Баға" бағанында егер:

инвестициялық бағдарламаны іске асыру нысаналы көрсеткішті арттыруға немесе азайтуға бағытталғанына қарай, "Абсолюттік ауытқу" 0-ден кем немесе артық болса, "j нысаналы көрсеткішіне қол жеткізілмеді" деп көрсетіледі.

Барлық басқа жағдайларда "Баға" бағанында "j нысаналы көрсеткішіне қол жеткізілді" деп көрсетіледі.

"ЖИЫНЫ" бағанында - егер инвестициялық бағдарламаның бекітілген нысаналы көрсеткіштерінің жалпы санынан 10% астамына қол жеткізілмесе, яғни нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу коэффициенті КИ, болса, "Баға" "Субъект инвестициялық бағдарламаны іске асыру тиімділігінің төмен көрсеткіштеріне қол жеткізді" деп көрсетіледі:

$K_i = 100\%$ - Қол жеткізілмеген нысаналы көрсеткіштер салмағының сомасы $>95\%$

Барлық басқа жағдайларда - Субъект инвестициялық бағдарламаны іске асыру тиімділігінің жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізді" деп көрсетіледі.